**Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы:Т.Жармағамбетов орта мектебі**
**Топ: №4** мектепалды даярлық тобы
**Балалардың жасы :** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі :**12-16 ақпан айы, 2023-2024 оқу жылы

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу.** Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау.<br>«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті ( баяу қимылды ойындар,үстел -үсті ойындары,бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | «Сиқырлы таяқша» Ойынның мақсаты: балаларды зейін қоюға, мейірімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу.<br>Қоршаған орта<br>Сөйлеуді дамыту | «Мейірімділік туралы ойлайық» Ойынның мақсаты: ұжымда тілектестік қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>Қазақ тілі | «Әдепті сөздер шеңбері» Ойынның мақсаты: сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету, зейінділікке, мейірімділікке баулу. Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады.<br>Сөйлеуді дамыту<br>Қоршаған орта | «Эмоцияларды жаттықтырамыз» Ойынның мақсаты: елгезектікке, көңіл-күйді көре білуге, өз эмоцияларын басқаруға тәрбиелеу.<br>Дене шынықтыру | «Түсті таңда» Міндеттері: балалар тобында және ересектер арасында баланың өз-өзін дәлелдеуіне жағдай жасау; антоним — сөздердің қорын кеңейту және оларды белгілі бір жағдайларда қолдануға үйрету<br>Шығармашылық әрекет<br>Сөйлеуді дамыту |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың көңіл –күйі туралы сөйлесіп,кітап бұрышымен таныстыру,үйге кітап оқуға беріп жіберу. | | | | |
| **Таңертенгі жаттығу** | **№1** | **№2** | **№3** | **№4** | **№5** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктерді реттеу..<br>Балаларды ұоқ-не сұрақтар қоя отырып дайындау, балалармен өзара әңгіме жүргізу. | | | | |
| | **Дүйсенбі**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қоршаған орта**<br>**Қазақ тілі**<br>**Дене шынықтыру** | **Сейсенбі**<br>**Сауат ашу**<br>**Математика негіздері**<br>**Қазақ тілі**<br>**Музыка** | **Сәрсенбі**<br>**Сауат ашу**<br>**Математика негіздері**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Дене шынықтыру** | **Бейсенбі**<br>**Сауат ашу**<br>**Математика негіздері**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Дене шынықтыру** | **Жұма**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Сурет**<br>**(Жапсыру,Мүсіндеу,Құрастыру**<br>**Музыка** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет** | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Алуан түрлі заттарды сипаттауға қалыптастыру.<br>**Миға шабуыл:**<br>Әлемнің бар екі күзетшісі;<br>Бірі-күндіз тынығады, Бірі-түнде тынығады. (Күн мен ай)<br>Пед жетекеші ойыны: «Не көрдің сипатта»<br>***Құрымдалған ойын:***<br>***Табиғат құбылыстары..***<br>:жапсыру және сурет салумен жұмыс(топқа бөліп)<br><br>**Еркін ойын:**<br>**Шартты белгілермен.**<br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Үй-жайларда,мектеп ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу.<br>**.Миға шабуыл**<br>«Сөз ойла,тез ойла»<br>Пед жет ойын: Сурет бойынша жұмыс.<br>Шарты: Сурет бойынша заттарды өз орнына орналастыру.<br>**Құрымдалған ойын:**Кеңістікті бағдарла.(бағдар сызық арқылы шатаспай жүріп өту.)<br><br>**3.Дене шынықтыру**<br>қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр).<br>**Негізгі қимыл:** еңбектеу.<br>**4. Қазақ тілі:Мақал-мәтелдер.**<br>**Пед жетекші ойыны:**<br>«Мақал сөздің мәйегі»Мақал туралы түсінік беру<br>Құрымдалған ойын:<br>Суретпен жұмыс.Мақалды жалғастыр. | **1.Сауат ашу.**<br>сөздегі дыбыстардың ретін анықтау.<br>**Пед жет ойын: «Сөз ойла, тез ойла»**<br>**Шарты:** Сөздегі С,Ш дыбыстарының орнын анықтау. **Ойын: «Сәйкестендіру»**<br>Шарты: суретпен сызбаны сәйкестендір.<br>Сол сөздерге сөйлем құра. ша-ша-ша Ойын сауық тамаша. Суық ай ғой – қараша.<br>**Құрылымдалған ойын**:<br>Дыбыстарыд үйшігіне орналастыру.<br>Еркін ойын: «Орнын тап»<br>**2.Математика негіздері**<br>әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, **Пед жет ойын:** «Заттарды сана »<br>***Құрлымдалған ойын:*** *«Жоқ санды тап»*<br><br>Түсін қалған сандарды тап<br>1 _ 3 _ 5 _ 7 8 _ 10<br>_ 2 3 _ 5 _ _ 8 _ _<br>1 _ _ 4 _ 6 7 _ 9 10<br>_ _ 3 4 _ _ _ 8 _ _<br><br>***Еркін ойын.*** «Өз орныңды тап»<br>**3 Қазақ тілі:**<br>Балаларды қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге қалыптастыру.<br>**Пед жетекші ойыны:**<br>-Егер де мен (бұлт болсам,ағаш болсам,күн болсам….)<br>Құрымдалған ойын:<br>Шығармашылық әрекет.<br>**4.Музыка** | **1. Сауат ашу негіздері**<br>Сөздердегі дауысты дыбыстардың орнын анықтау.<br>Пед жет ойыны:Дауысты дыбысты тап.<br>Суреттегі заттарға ауызша дыбыстық талдау жасау.<br>Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету<br>**Құрылымдалған ойын:Өз үйіңді тап!**<br><br><br>**2.Математика негіздері**<br>топтарды санау және салыстыру<br>Пед жетекшісімен ойын:<br><br><br>Құрылымдалған ойын:Топтастыр<br><br><br><br>Еркін ойын: Пойыз.<br>**3.Сөйлеуді дамыту.** | **1.Сауат ашу негіздері**<br>сөздегі дыбыстардың ретін, дауыссыз дыбыстарды анықтау. Дыбыстарды ата**.**<br>**Пед жетекші ойыны:**<br>**«Өз үйіңді тап» ойыны**(қатаң дауыссыз дыбыстардың айтылуын түзету.<br>және жұмсақ дауыссыз дыбыстар).<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>Сауат ашу дәптермен жұмыс, тапсырмларын орындату.<br><br>**2.Математика негіздер**<br>санау және сандық мәндерді дұрыс жалпылау.<br>**Пед жетекші ойыны:**<br>Бір бұзау, қос құлыншақ,<br>Үш ақ лақ – қуыршақ. Малын санап Есенім,<br>Білмей қойды есебін.<br>Есептейік, кәне, біз, Есен доска бәріміз Көмектесіп көрейік, Сан үйретіп берейік<br>**Құрлымдалған ойын:**<br>Пазл құрастыру.Топтық жұмыс.<br>**Еркін ойын**:<br>Сандар бойынша боя.<br><br><br>**3.Көркем әдебиет**<br>Санамақ өнеріне баулу,<br>Төртеу санның көркі екен.<br>Төрт аяқпен жануар, Стол, төсек... тағы бар..<br>Төрт аяқпен нық тұрар,<br>Төрт бірлікті ұқтырар. Бес дегеннің цифры, Қарап тұрсаң оп-оңай. Үштің басын қайырып, | **1.Көркем әдебиет**<br>Өлеңді жатқа айту.<br>Пед жет ойыны:<br>Тіл ұстарту жаттығуы<br><br><br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Әуедегі көлік түрлерімен таныстыру.<br>**Пед жетекші ойын:**<br>**Миға шабуыл**<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>**Пед жет ойыны:**<br><br><br>**Құрылымдалған ойын:Артығын тап.**<br><br><br>**3. Сурет салу, мүсіндеу жапсыру,құрастыру**<br>Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану.<br>**4.Музыка** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Музыкалық сүйемелдеумен ән айту дағдыларын дамыту.<br>Ән: «Бағдаршам»<br>Сөзі мен әні: Гүлдана Ерікқызынікі | Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттердің ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау.<br>**Ой қозғау.**Антоним сөздерді қолдана отырып,жалғасын табу.<br>**Пед жетекші ойын:**<br>**Мнемо жұмбақ**<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>**«Мен саған,сен маған»әдісімен ойын**<br>**4.Дене шынықтыру**<br>Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет)<br>**Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы .** жүру<br>**Қимылды ойын:**<br>**«Аңшы мен үйрек»** | Қоя салған жай бұрап. Ә. Табылдиев<br>Пед жетекші ойыны:<br>Түлкі мен ешкі (ертегі)<br>**4.Дене шынықтыру :**<br>Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау. | Қазақ халқының әндерін үздік тыңдауға баулу<br>«Бесік жыры» әні: С.Ақжігітов, сөзі: Т.Молдағалиев. |
| **Жеке баламен жұмыс** | Айым тіл ұстарту жаттығулары | Шыңғыс психологпен жұмыс | Шыңғыс дыбыс қою жаттығулары | Кәусар түстерді айыру жаттығулары | Ерасыл көзге арналған жаттығуларын жасау |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Кием шкафтарын таза ұстау және жинау. | | | | |
| **Серуен** | №1 | №2 | №3 | №4 | №5 |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналармен балалардың көңіл күйі туралы әңгімелесу. Оқу іс-әрекетінде не үйренгендігі, өткен ертегінің мазмұнын айтқызып, әңгімелетіп отыруын айту. | | | | |

**Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:Т.Жармағамбетов орта мектебі**
**Топ: №4**мектепалды даярлық тобы
**Балалардың жасы :** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі :** 19-23 ақпан айы, 2023-2024 оқу жылы

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу.** Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау.<br>«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті ( баяу қимылды ойындар,үстел -үсті ойындары,бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | «Тек жақсы қасиеттерді ата» Педагог қолына доп алып, балалардың алдына тұрады да, олардың әрқайсысына допты лақтырады. Балалар допты кез-келген «жақсы қасиет» (адалдық, мейірімділік, ұқыптылық) айтылған кезде ғана ұстап алуы тиіс. Бұл жағдайда олар педагогке қарай қадам жасайды. Егер балалар байқаусызда «жаман қасиет» (сараңдық, ашуланшақтық) айтылғанда допты ұстап алса, олар артқа бір қадам шегінеді. Педагогке бірінші жеткен бала жеңімпаз болады.<br>Сөйлеуді дамыту<br>Дене шынықтыру | «Диалог» Ойынның мақсаты: жауапкершілікке, қайырымдылыққа тәрбиелеу. Педагог балаларды жұптарға бөледі және оларға үй жануарлары бейнеленген карточкаларды таратады. Балаларға үй жануарлары мен оның иесі арасындағы диалог-көріністі ойлап табу ұсынылады, онда иесі үй жануарына қалай қамқорлық жасайтынын және бұл кезде «үй жануарлары» қалай сезінетінін айтады.<br>Қазақ тілі<br>Сөйлеуді дамыту<br>Қоршаған орта | «Сыпайы өтініш» Ойынның мақсаты: балаларды мейірімділікке, зейінділікке тәрбиелеу. Балалар шеңберге тұрады. Педагог түрлі бұйрықтар береді, мысалы, қолды жоғары көтер, қолыңды шапалақта, көзіңді жұм және т.б., бірақ «мархабат» сөзі айтылған өтініштерді ғана орындау керек.<br><br>Дене шынықтыру<br>Қоршаған орта<br>Сөйлеуді дамыту | «Түсті таңда»<br>Мақсаты:Балалар тобында және ересектер арасында баланың өз-өзіне дәлелдеуіне жағдай жасау (антоним сөздер)<br>Қоршаған орта<br>Сөйлеуді дамыту. | «Адал достар» Ойынның мақсаты: ұжымда достық қарым-қатынасты қалыптастыру. Педагог балалардан бөлменің екі бөлікке бөлінгенін (бір бөлігі- «құрлық», бір бөлігі- «теңіз») айтады және ойынның шартын түсіндіреді.<br>Балалар шеңберге тұрып, музыканың басталуымен хороводпен жүре бастайды. Музыканы тоқтатқан кезде балалар да тоқтайды. «Құрлықта» қалған қатысушылар «теңізде» қалғандарды мүмкіндігінше тезірек құтқаруы керек. Ол үшін «құтқарушылар» секіргішке үрлемелі дөңгелекті өткізіп, оны батып бара жатқан қатысушыларға лақтырып, оларды «құрлыққа» шығарып алуы тиіс. Ойын осылай жалғасады.<br>Сауат ашу<br>Қазақ тілі. |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың көңіл –күйі туралы сөйлесіп,кітап бұрышымен таныстыру,үйге кітап оқуға беріп жіберу. | | | | |

| Таңертенгі жаттығу | №6 | №7 | №8 | №9 | №10 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктерді реттеу..<br>Балаларды ұоқ-не сұрақтар қоя отырып дайындау, балалармен өзара әңгіме жүргізу. | | | | |
| | **Дүйсенбі**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қоршаған орта**<br>**Қазақ тілі**<br>**Дене шынықтыру** | **Сейсенбі**<br>**Сауат ашу**<br>**Математика негіздері**<br>**Қазақ тілі**<br>**Музыка** | **Сәрсенбі**<br>**Сауат ашу**<br>**Математика негіздері**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Дене шынықтыру** | **Бейсенбі**<br>**Сауат ашу**<br>**Математика негіздері**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Дене шынықтыру** | **Жұма**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Сурет**<br>**(Жапсыру,Мүсіндеу,Құрастыру**<br>**Музыка** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет** | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>1. Ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару,<br>***Дыбыс жаттығуы***<br>***Пед жетекші ойын:***<br>***«Кім тапқыр?»***<br>Тәрбиешінің бастаған әңгімесін не ертегісін өз ойларынан шығарып жалғастырады.<br>*Мнемокест*<br><br>***Құрымдалған ойын:***<br>«Өзіңе ұнаған ертегі кейіпкерін боя»<br>**Еркін ойын:**<br>«Пішіндер әлемі»<br>Ертегі иллюстрациясындағы үйшік,кеме, адам т.б бейнелерді құрастырады.Театр ойыны арқылы өрбітеді. | **1.Сауат ашу.**<br>Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету<br>**Пед жет ойын: «Кім жылдам?»**<br>**Шарты:** буындарды пайдаланып,сөз құрастыру.<br>.**Құрылымдалған ойын**:<br>**«Сәйкестендір»**<br>Шарты: берілген буындарды сәйкестендіреді.<br>**Еркін ойын**: «суреттегі заттардың буынын анықта»<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану.<br>**Пед жет ойын**: «Заттарды салыстыр» | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын:** «Суретте көрсетілген затты өз ойыңмен сипатта»<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>«Таңдаған суретті сызық бойымен қиып,жапсыр»<br>**Еркін ойын:**<br>«Жаңа сөздер қоржыны»<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін және атау білу.<br>**Пед жетекшілігімен ойын:**<br>«Бұл қай кезде болады?»<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>«Қай жыл мезгілі ұнайды?»<br>**Еркін ойын**: «Жыл мезгілі» | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Буын туралы ұғымдарын кеңейту<br>**Буынды ата.**<br><br>Бір буынды және екі буынды сөздерді атау..<br>**«Өз үйіңді тап» ойыны**(қатаңнан кейінгі дауысты дыбыстардың жазылуын түзету және жұмсақ дауыссыз дыбыстар).<br>Сауат ашу дәптермен жұмыс, тапсырмларын орындату.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>Айтыс өнеріне баулу.<br><br>**3.Математика негіздер** | **1.Көркем әдебиет**<br>**Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш**<br>Атасы он жасар ұл баласымен далада келе жатып, баласынан сұрады: - Анау өрмекшіні көремісің, не істеп жүр? - Көремін, өрмек тоқып жүр.<br>166<br>- Анау құмырсқаны көремісің? - Көремін, ауызында бір нанның уалшығы бар, жүгіріп кетіп барады. - Жоғары қара, аспанда не көрінеді? - Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында кесек тістеген шөбі бар. Сонда атасы айтты: - Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер саған әбірет. Өрмекші маса, шыбынға ұзақ құрып жүр, ұстап алған соң, өзіне азық етуге. Құмырсқа бала-шағаларына тамақ аулап, бір нанның уалшығын тапқан соң өзі жемей, аузына тістеп, қуанғаннан, үйіне жүгіріп қайтып барады. Қарлығаш балапандарына ұя істеуге шөп жыйып жүр. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сені де құдай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтай білу<br>Педагог жет ойын:<br>«Жаник пен Тимур» мультфильмін көрсету.<br>Миға шабуыл: мультфилм не туралы деп ойлайсыңдар?.<br>Балалардың әрекеті дұрыс болды ма?<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>Бала үні бойынша жаяу жүргіншілер,велосипедшілер болып екі топқа бөлінеді.Әр топ көрсетілген жол ережесінің ішінен дұрыс суретті таңдап, соны түсіндіруі керек. Мысалы жаяу жүргіншілер арнайы жолмен (тротуар) жүруі керек.машина жолынан өту үшін жолақ жолды пайдаланады.Үлкен қалаларда бағдаршамның жасыл түсі жанғанда жүру керек.т.бВелосипедші жолақ жолдан өтерде,велосипедтен түсуі қажет.<br><br>Еркін ойын: «Бағдаршам мен жолаушылар» | <br>**Құрылымдалған ойын**: <u>«Заттарды көлеміне қарай топтастыр»</u>.<br>**<u>Еркін ойын.</u>**<br><u>«артық,кем,тең»</u><br><br>**3. Қазақ тілі.**<br>Қазақ халқының аңшылық кәсібі (аң, аңшы, орманшы, қорықшы), сөздермен толықтыру<br>Пед жетекшілігімен ойын: «Мамандық иелері»<br><br>Бейнебаян көрсету.<br>**<u>Құрылымдалған</u> ойын:**<br>Үш командаға бөлу.<br>1.Аңшылар<br>2.Орманшылар.<br>3.Қорықшылар.<br>Постер қорғайды.<br>**Еркін ойын:**<br>Әр топ өзіне қажетті құралды тауып, | <br>**4. Сауат ашу негіздері**<br>Дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br><br>**Педагог жетекшілігімен ойын:** «Соңғы дыбысты ұстап қал» соңғы дыбысқа сөз ойлап табады.<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>**«Сөз өзгерту»** ойыны. Буынға әріпті қосу арқылы жаңа сөз шығару.<br>па<br>ма<br>ра<br>ла<br>со<br>до<br>Дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу<br>**1.Дене шынықтыру**<br>**Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы**<br>.Кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру<br>**Қимылды ойын:**<br>**Түрлі түсті автокөліктер**<br>Балалар залдың шетіне тұрады. Олар – автокөліктер. Әр балаға түрлі түсті шеңбер беріледі. Педагог қолына түрлі түсті жалаушалар ұстап, зал ортасында тұрады. Бір кезде белгілі бір жалауды жоғары | Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды сызуға үйрету.<br><br>**Пед жетекші ойыны**: «Үлкен кіші үйлер»<br>**Құрылым**<br><br>**далған ойын:**<br>«Жетпес бөлігін тап»<br>Үлестірмелі тапсырмаларды орындау.<br>**Дене шынықтыру :**<br>**Ұлттық ойын:**<br>«Тақия тастамақ »<br>Ойынға бірнеше бала қатысады. Балалар шеңбер жасап отырады. Жүргізуші шеңбердің сыртын айнала жүгіріп жүріп, біреуінің артына білдіртпей тақияны тастап кетеді. Егер біреу сезіп қойса, жүргізушіні қуып жетуі керек. Ал, жүргізуші қуған баланың орнына тұра қалуға тырысады. Жүргізушіге жете алмаған бала айыбын төлейді, өнер көрсетеді. | тағала босқа жүруге жаратпаған, жұмыс жұмыстауға әдеттенуге керек,- деді.<br>Ы.Алтынсарин<br>2.**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Өз тобындағы сыныптастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойна ұйымшылдылыққа бауырмалдыққа баулу.<br>**Арқан тарту**<br>Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып алып келсе, сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екінші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді.<br>**3. Сурет салу, мүсіндеу жапсыру,құрастыру**<br>**Менің ойыншықтарым (жапсыру,ермексаз,сурет салу,құрастыру)**<br>Қазақ халқының зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды оюөрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.<br>**4.Музыка(кіріктірілген)**<br>«Қамажай» халық әні |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **3.Дене шынықтыру**<br>Хоккей элементтері<br>Қим .ойын: Аңшы мен қояндар).<br>**4. Қазақ тілі.** Кіріктірлген сабақ.<br>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге ынталандыру.<br>ТӘРТІП САҚТАП ЖҮРЕМІН<br>Үйренуден тынбаймын,<br>Білімімді шыңдаймын.<br>Кішілерге қамқормын,<br>Үлкендерді тыңдаймын.<br>Велосипед теппе деп,<br>Айтпаса да, еп керек.<br>Жүгірмеймін доп қуып<br>Көліктерге бетпе-бет.<br>Көше жаққа бармаймын<br>, Таса жерде қалмаймын.<br>Ойнау үшін арнайы<br>Орындарды таңдаймын. | жапсырады,бояйды,мүсінд ейді.<br>**4.Музыка**<br>«Қыс қызығы» әні: И.Нүсіпбаев, сөзі Е.Өтетілеуов. | көтереді, қолындағы шеңбері жалаудың түсімен бірдей балалар залды айналып кез келген бағытта жүгіреді. Олар гуілдеп, автокөлік айдап бара жатқандай қимылдар жасайды. Педагог жалауды түсірген кезде балалар тоқтайды. Педагог басқа түсті жалауды көтерген кезде басқа балалар жүгіреді. Педагог бір, екі немесе үш түсті жалауды бірге көтеруіне болады. Онда барлық автокөліктер жолға шығады. | | |
| **Жеке баламен жұмыс** | Айым тіл ұстарту жаттығулары | Бағдәулет психологпен жұмыс | Шыңғыс дыбыс қою жаттығулары | Кәусар түстерді айыру жаттығулары | Ерасыл көзге арналған жаттығуларын жасау |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Кием шкафтарын таза ұстау және жинау. | | | | |
| **Серуен** | №6 | №7 | №8 | №9 | №10 |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналармен балалардың көңіл күйі туралы әңгімелесу. Оқу іс-әрекетінде не үйренгендігі, өткен ертегінің мазмұнын айтқызып, әңгімелетіп отыруын айту. | | | | |

**Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:Т.Жармағамбетов орта мектебі**
**Топ: №4** мектепалды даярлық тобы
**Балалардың жасы :** 5 жас
***Жоспардың құрылу кезеңі :*** 26 ақпан -1 наурыз айы, 2023-2024 оқу жылы

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу.** Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау.<br>«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті ( баяу қимылды ойындар,үстел -үсті ойындары,бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Қайырлы таң, балалар!<br>Арайланып таң атты,<br>Алтын шапақ таратты,<br>Қайырлы таң, балалар!<br>Жер бетінде тыныштық<br>Болған әрбір күн ыстық!<br>Қайырлы таң, балалар!<br>Жарқырады қаламыз,<br>Жайнай түсті даламыз,<br>Қайырлы таң, балалар!<br>Аман Отан – панамыз,<br>Аман ата-анамыз, Қайырлы таң, балалар!<br>Ә.Табылды<br>Сөйлеуді дамыту<br>Көркем әдебиет | « Жақсылық- жамандық»<br>Мақсаты: балаларға жақсы және жаман қылықтарды ажыратуды үйрету. Достыққа, өзара көмек пен келісімге тәрбиелеу. Ойын әрекеттері: балалар педагогтің алдына тұрады. Педагог кезекпен қандай да бір әрекетті, қылықты білдіретін кез-келген сөзді балаларға айтады. Егер сөз қайырымдылықты, игі істерді білдірсе, онда балалар қол шапалақтайды. Егер бұл сөз жамандық, зұлымдық туралы болса, балалар аяқтарын топылдатады.<br>Қазақ тілі<br>Сөйлеуді дамыту<br>Қоршаған орта | . «Көңіл-күйді анықтау»<br>Ойынның мақсаты: мейірімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу. Педагог балаларға айналасындағы адамдарға көңіл бөлу керектігін түсіндіреді. Бір бірінің көзіне, бет-әлпетіне қарап, көңіл-күйді анықтауды ұсынады.<br>Қоршаған орта<br>Сөйлеуді дамыту | Санамақ: «Менің отбасым»<br>Ал, балалар, қараңдар,<br>Бәрін қосып санаңдар.<br>Бір шаңырақ астында<br>Нешеу екен адамдар?<br>Атам менен Әжем бар,<br>Әкем менен Анам бар.<br>Ағайынды біздерді<br>Дара – дара санаңдар.<br>Ағам менен Әпкем бар,<br>Қарындас, Інім тағы бар.<br>Осы тұрған жандарға<br>Мені қосып санаңдар.<br>Қоршаған орта<br>Сөйлеуді дамыту.<br>Математика | **Құстар туралы жұмбақтар**<br>Жайнаған бақтың әншісі,<br>Тамсанған оған сан кісі. (Бұлбұл)<br>Сайрайды бір талмайды.<br>Әнші құс бал таңдайлы. (Бұлбұл)<br>Су бетін сызып,<br>Ақ құман жүр жүзіп. (Аққу)<br>Имек тұмсық алғыр құс.(Қаршыға)<br>Қауырсыны құлпырған, Мың бояулы гүл тұнған<br>Сайрағанда дауысы,<br>Әнге бөлер тау ішін. (Тоты)<br>Сауат ашу<br>Қазақ тілі.<br>Қоршаған орта |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың көңіл –күйі туралы сөйлесіп,кітап бұрышымен таныстыру,үйге кітап оқуға беріп жіберу. | | | | |

| Таңертеңгі жаттығу | №11 | №12 | №13 | №14 | №15 |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктерді реттеу..<br>Балаларды ұоқ-не сұрақтар қоя отырып дайындау, балалармен өзара әңгіме жүргізу. | | | | |
| | **Дүйсенбі**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қоршаған орта**<br>**Қазақ тілі**<br>**Дене шынықтыру** | **Сейсенбі**<br>**Сауат ашу**<br>**Математика негіздері**<br>**Қазақ тілі**<br>**Музыка** | **Сәрсенбі**<br>**Сауат ашу**<br>**Математика негіздері**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Дене шынықтыру** | **Бейсенбі**<br>**Сауат ашу**<br>**Математика негіздері**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Дене шынықтыру** | **Жұма**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Сурет**<br>**(Жапсыру,Мүсіндеу,Құрастыру**<br>**Музыка** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет** | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.<br>***Дыбыс жаттығуы***<br><br>***Түлкі мен қоян (ертегі)***. -<br>***Т. Жексенбай***<br>Ертегіні мазмұндау кезінде дауыс қарқынын өзгерту, екпінді реттеу керектігін түсіндіру,көрсету.<br><br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру.<br><br>**Педагог жет ойын:**<br>**«Мен қандаймын?»**<br>Әр бала өзі туралы әңгімелейді.<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>**«Кім мықты?»** | **1.Сауат ашу.**<br>Сөздерді буындарға бөлу<br>**Пед жет ойын: «Кім жылдам?»**<br>**Шарты:**Сөздерді буынға бөледі.<br>**Құрылымдалған ойын**:<br>«Бір буынды (жабық) сөзді тап»<br>Шарты :берілген суреттің ішінен тек қана бір буынды сөзді табады.<br>**Еркін ойын**: «Суреттегі заттардың буынын анықта»<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Жиынды қолданылуы бойынша заттардан құру<br>**Пед жет ойын**: «Заттарды салыстыр»<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>«Ұқсас заттарды топтастыр» | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру<br>**Педагог жетекшілігімен ойын:** «Суретте көрсетілген затты өз ойынмен сиапатта»<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>«Сен-маған,мен-саған» беріілген тапсырмаларды хабарлау.<br>**Еркін ойын:**<br>«Жаңа сөздер қоржыны»<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу<br>**Пед жетекшілігімен ойын:**<br>«Не артық?»<br><br> | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну.<br>**«Сөз ойла-тез ойла»**<br>Берілген дыбысқа сөз ойлау.<br><br><br>**«Өз үйіңді тап» ойыны**(дыбыстарды үйшіктеріне сәйкес орналастыру.)<br>Сауат ашу дәптермен жұмыс, тапсырмларын орындату.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру.<br>**Құттықтау**<br>Қуанышы баланың –<br>Қуанышы ананың.<br>Қуанышы ананың – | **1.Көркем әдебиет**<br>диалогтік сөйлеуді дамыту<br>**Бір уыс мақта**<br>Бір кішкентай қыз әкесінің шапанын жамап отыр екен, шешесі қасына отырып, ақыл айтты: - Балам, дүниедегі жаратылған жәндік-жансыздардың ешқайсысының да керексіз болып, жерде қалатыны болмайды,- деп. Сол сөзді айтып отырғанда, қыз бала киімін жамап болып, жердегі мақтаның қиқымын терезеден лақтырып, далаға тастады: - Әже, осы қиқымның ешнәрсеге керегі бола қалмас,- деп. Шешесі: - Балам, сол да жерде қалмайды,- деді. Осылайша сөйлесіп, терезеден қарап отырса, манағы мақтаны жел көтеріп ұшырды, мұны бір торғай көріп қуып барып, мақтаны тұмсығына тістеп қана алып, ұшып кетті. Қыз әжесінен:<br>- Манағы мақтаның қиқымын бір торғай алып кетті, оны неғылады? – деп сұрады. Әжесі айтты: - Көрдің бе, балам, күн |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
